

*Таспулатова Қалдыгүл Тұрғынбайқызы*¹*

¹т.ғ.магистрі, PhD докторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің оқытушысы, Алматы қ.,Қазақстан, E-mail: taspulatova70@mail.ru

ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНІҢ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДСІ

Аңдатпа

Отанын патриоттар мекеніне айналдыру Әлем елдерінің ең өзекті мәселелерінің бірі. Кез келген мемлекеттің болашағы білімді жастар. Қазіргі таңда елін сүйетін ұрпақ тәрбиелеу - маңызды мәселеге айналады. Осы орайда ұсынылып отырған ғылыми мақалада патриоттық тәрбие берудің Америкалық, Еуропалық, Кеңестік және Қазақстандық тәжірибесі жан-жақты зерттеліп, нәтижелі, мазмұнды ойлар айтылады. Сондай-ақ, ғылыми еңбекте жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудің жаңа әдістемесі, бағыттары қарастырылған. Патриотизм ұғымы тарихи құбылыс ретінде заманына орай әртүрлі әлеуметтік мәнге ие болады. Кеңестік патриотизм Отанына, халқына сүйіспеншілікпен қатар интернационализмді, Кеңес Одағы халықтары мен бүкіл дүние жүзі ұлттарына деген достықты қамтыса, тоталитарлық жүйе құлап, құндылықтар өзгерген тұста «патриотизм» ұғымын жаңаша ұғындыру тарих ғылымының басты мәселесі болып отыр. Патриотизмнің басты ерекшелігі – ең алдымен отанға деген сүйіспеншілік, өзінің күш-қуатыңмен мен қабілетінді, білім мен біліктілігінді, ақыл парасатыңды ел игілігіне жұмсау. Отансүйгіштік табиғатының тіні – патриоттық сана. Патриоттық сана адамзатты өркениетке жетелейді, ізгілікке үндейді, елжандылыққа баурайды. Ал енді қазақстандық патриотизм мәселесі бұл ата-бабаларымыздың аманат еткен жерін қорғау, туған жерді сүю, ой-сананы жетілдіру.

Кілт сөздер: Патриоттық сана, тұрақтылық, демократия, отан мүддесі, туған жер, қазақстандық патриотизм, скаут қозғалысы, Отан, дәстүрлі құндылықтар.

*Таспулатова Қалдыгүл Тұрғынбаевна*¹*

¹магистр исторических наук., докторант PhD, преподаватель Казахского Национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан, E-mail: taspulatova70@mail.ru

ПРОЦЕСС ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ В МИРЕ

Аннотация

Формирование своего отечества как страны патриотов является одной из актуальных проблем государств мира. Будущее любой страны – это образованная молодежь. В настоящее время важнейшей задачей становится воспитание поколения, любящего свою родину. В этой связи в данной научной статье будут предложены конструктивные идеи и мысли на основе всестороннего изучения американского, европейского, советского и казахстанского опыта по патриотическому воспитанию. Наряду с этим, в статье рассмотрены новые методы и направления в вопросе воспитания патриотизма. Понятие патриотизма как историческое явление с ходом времени приобретало разное социальное содержание. Так, советский патриотизм включал в себя любовь к Родине, народу, а также интернационализм, дружбу с народами Советского Союза и всего мира, а после падения тоталитарной системы создание нового понимания «патриотизма» стало первоочередной задачей исторической науки. Главная особенность патриотизма – любовь к стране, собственные силы и способности, знания, опыт и разум направить на благо народа. Суть любви к родине составляет патриотическое сознание. Патриотическое сознание ведет человечество к цивилизованности, призывает к гуманности, приучает к патриотичности. Казахский патриотизм заключается в защите территории, завещанной предками, любви к родной земле, осознанном самосовершенствовании.

Ключевые слова: патриотическое сознание, стабильность, демократия, отечественные интересы, родная земля, казахский патриотизм, движение скаутов, Родина, традиционные ценности.

*Taspulatova Khaldygul*¹*

¹Master of historical sciences, PhD doctor, teacher of Abai Kazakh National Pedagogical university,

THE PROCESS OF FOSTERING PATRIOTISM IN COUNTRIES AROUND THE WORLD

Annotation

One of the most pressing problems of the countries of the world is the transformation of their homeland into a home for Patriots. The future of any state is educated youth. Today, the education of a loving generation is becoming an important issue. In this regard, the proposed scientific article examines in detail the American, European, Soviet and Kazakh experience of patriotic education, gives effective, meaningful ideas.

Also, the scientific work considers new methods and directions of patriotic education of young people. The concept of patriotism as a historical phenomenon acquires different social significance due to its time. While Soviet patriotism, along with love for the motherland and people, includes internationalism, friendship with the peoples of the Soviet Union and the nations of the world, at a time when the totalitarian system collapsed and values changed, a new understanding of the concept of "patriotism" becomes the main problem of historical science. The main feature of patriotism is, first of all, love for the motherland, the use of your strength and abilities, knowledge and skills, intelligence for the benefit of the country. The fabric of the nature of patriotism is patriotic consciousness. Patriotic consciousness leads humanity to civilization, appeals to Virtue, and engages in patriotism. And now the problem of Kazakhstan's patriotism is the protection of the land entrusted by our ancestors, the love of our native land, the improvement of our thinking.

Keywords: patriotic consciousness, stability, democracy, interests of the motherland, native land, Kazakhstan patriotism, Scout movement, Homeland, traditional values.

Кіріспе. Жастарға дұрыс тәрбие бере алған елдің адами капиталы жоғары болады. Жақсы тәрбие бар жерде даму бар. Отаншылдық – ұлы сезім. Азаматтың өз жерін, елін, Отанын, халқын сүйюі және оны құрметтеуі, соның жолында жанын құрбан етуі – ұлы іс. Отаншылдық идеясы өмірге бүгін келіп отырған жоқ. Адам қауымдасып өмір сүргеннен бастап, өз қоғамын, өлкесін табиғатын сүйген, ұнатқан. Соларға деген айрықша сезімді бойына сіңірген. Кейін отаншылдық сезім біртіндеп, саяси мән-мазмұн ала түсті. Отан өзінің мекеніндегі адамдарға жайлы болуы керек.

Патриотизм тарихи құбылыс негізінде адамдардың мемлекетіне, Отанына, отандастарына деген қарым-қатынас ретінде көрінеді. Патриотизм идеясы барлық кезеңде тек қана қоғамның рухани өмірінде ғана емес, оның әрекетінің барлық бағытында – идеологияда, саясатта, мәдениетте, экономикада, экологияда және т.б. ерекше орын алды. Азаматтарды отансүйгіштікке тәрбиелеу жүйесі – қазіргінің және келешектің де өзекті міндеті болып табылады. Тақырыптың табиғатына сәйкес мақалада әлем елдерінің патриоттық тәрбие беру тәжірибесіне тарихи талдау жасалады.

Мақсаты. Адамзат тарихындағы қандай да бір мемлекет болмасын өз ресурстарына дұрыс баға беруге тырысады. Оның ішіндегі ең маңыздысы және бастысы – адам потенциалы. Адам ресурстарының басқалардан ерекшелігі – өз мүмкіндіктерін толық пайдалану үшін дайындықты қажет етеді. Мемлекет пен азаматтарының мақсаттары бір арнада тоғысуы шарт. Азамат өзінің жеке және топтық мүдделерін жалпы елдің мүдделеріне бағындыруы, оған адал қызмет етіп, атамекенін жан тәнімен сүйю керек. Саяси түсіндірмелі сөздіктерде ондай адамды «патриот» деп атайды. Мемлекетте тұрақтылық сақталуы үшін осы құндылықтар келер ұрпақтың жадында тоқилуы тиіс. Мақаланың мақсаты – алыс және жақын шет мемлекеттерде жастарды патриотизмге тәрбиелеу тақырыбында жазылған ғылыми еңбектерді талдап, саралай келе жалпыға ортақ, әлемдік құндылықтарды іріктеу болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Қазақстандық жәнешетел ғалымдарының, ойшылдарының патриотизм шеңберіндегі идеялары және көзқарастары. Отаншылдық тәрбиеге тұлғалық, іс-әрекеттік көзқарас; қазақстандық патриотизмнің тұжырымдамасы; қазақстандықтарды қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудегі философиялық, тарихи, психологиялық, педагогикалық қағидалар; қазақ халқының ұлттық рухани мәдениетті жасаудағы идеялары саналады. Патриотизмнің негізгі формалары мен оның әдістерінің қалыптасу мазмұнына талдау жасау. Зерттеу жұмысы бойынша бірнеше әдістер қолданылды. Соның ішінде: монографиялық әдіс, нақты талдау әдісі, логикалық талдау әдісі, салыстырмалы тарихи әдіс, құрылымдық әдіс, типологиялық әдіс, теориялық және бақылау әдістері.

Нәтижелерді талқылау. Біздің еліміздегі патриоттық тәрбиені дамыған мемлекеттермен салыстырып өтетін болсақ, мәселен, АҚШ-та бірнеше патриоттық ұйымдар бар және олар жоғары

деңгейде жұмыс істейді. Олар мыналар: «Colonial Dames of America»; «Daughters of the American Revolution»; «Sons of Liberty»; «Sons of American Revolution»; «Veterans of Foreign Wars»; «American Legion»; «Civilian Military Organizations». АҚШ- та туылғандар, жеке ұлттық батырлар жөніндегі тарих курсы оқытудан бастайды. Сенің туған жерің қала, ауыл, аудан болуы мүмкін, бірақ патриотизм ұлттық мемлекет негізінде қолданады. Бізге белгілі, 2001 жылы 11 қыркүйекте террористер Американың екі қаласына Нью-Йорк пен Вашингтонға қайғы әкелген әрекет жасады. Міне осы күнді американдықтар «Патриоттар күні» деп ресми түрде жариялап, оны осы уақытқа дейін атап өтіп келеді. Және оларда патриотизмнің таңдаулысы боп есептелетін нәрсе – ол ұлттық монументтер. «Әлемдегі өзге елдердің бәріне Америка моральдық біртұтастықты көрсету керек деген идеяны тастайды» [1]. «Президенттері американдық халқымен тығыз байланыс жасай отырып, олармен бірге екендігін және олардың пікірін құрметтейтінін жариялап отырады. Біз патшалар басқаратын емес, теңдік басқаратын ұлтпыз деп есептейді» [2]. Олар Отанына опасыздық жасап, сатқандарды өлім жазасына кеседі. Мысалы, Америкада сатқындық жасаған адамды, американдық генералы Бенедик Арнольда деп есептейді, себебі бұл адам Американдық революциясы кезінде Великобританияға «West Point» деп аталатын портты бермекші болғаны үшін, оны сатқын ретінде есептеп, соның ісін қайталаған адамды «еліне опасыздық жасаушы» деген айып тақты. Американың ең басты құндылығы – демократия [3]. Патриотизмнің тағы бір моральдық стандартын – сөз бостандығы деп есептейді.

Адамзат анасын, отанын таңдамайды, себебі, олар ерекше құнды әулиелер. Және әрбір адам оларды өзінше түсінеді, сүйеді. Отансүйгіштікке тәрбиелеу қоғамның қажеттіліктеріне негізделген адамгершілік. Патриоттық қасиет қоғамдық ой-сана керуенінің ерекше бір бөлігі. Сондықтан ол қоғамдық ортаның даму үрдісіне сай әртүрлі мазмұнда көрініс береді. Қарастырып отырған мәселе турасында алыс және жақын шетел ғалымдары, сондай-ақ қазақстандық әріптестеріміз өз көзқарастарын білдіріп, оның қоғамдық үрдістерде алар орнын айқындау бағытында ой-тұжырымдарын ұсынып келе жатқаны белгілі.

Кеңестік кезеңде патриоттық тәрбие жеке тұлғаның бойына советтік патриотизмді сіңіру мақсатында жүзеге асырылды. Жастар мен мектеп оқушыларына Кеңестік кезеңде патриоттық тәрбие беру бойынша бірнеше еңбектер жарық көрді. Айталық, ресейлік ғалым В.В. Макаров өз еңбегінде «Патриотизм кез-келген саяси, әлеуметтік, этникалық топтың ғасырлар бойғы тұтастығын қамтитын құбылыс» [4, с.159] деп жазса, Н.И. Губанов былай деп ой түйеді: «Шын мәніндегі патриотизм кім-кімнің болса да өз Отанына шексіз берілгендігі, сонымен бірге өзге халықтың мақтанышына құрметпен қарау болмақ. Ал мұндай қасиет іс әрекет пен идеяның, ықыластың бірлігінің айғағы іспетті» [5, с.48]. Мәселені басқаша түйіндеген ғылыми зерттеулерге зер сала қарағанда патриотизмнің қоғамдағы атқаратын функциясын жете бағаламаған әртүрлі пікірлердің орын алып келгенін анық аңғаруға болады.

Патриотизм этимологиясының тарихы жөнінде Топоров В.Н. мынандай ойды айтады: «Из глубин первобытности нашими предками была вынесена идея восприятия мира по дуалистическому принципу, когда все окружающее человека делилось на свое и чужое, родное и враждебное. Таким образом, древний человек делил пространство на обитаемое, свое и неведомое, чужое» [6, с.25]. Патриотизмнің негізгі категорияларына жататындар: Отанға, туған елге жерге, тілге деген деген махаббат; Отаныңның өткенін құрметтеу; өз халқыңның дәстүрін, салтын қадірлеу; отаныңның тарихын білу; елдің алдындағы міндетті және өзіңнің патриоттық борышыңды білу; өзге халықтарды құрметтеу; нәсілшілдікке төзбеу; Отаныңның намысын арын қорғау; отаныңды қорғауға әрқашанда дайын болу.

Есімдері елге белгілі Шерхан Мұртаза мен Камал Смайыловтың баспасөз бетінде жазысқан әңгіме – хаттары тәуелсіздік жолына жаңадан түскен еліміздің бүгінгі және ертеңгі тағдыр талайын әр қырынан сөз еткен, күнделікті өміріміздегі өзекті мәселелерді оқырман алдына бар шындығымен шығара білген, өткірлігімен жұртшылық құлағын елдеткен айтулы оқиғалар болып табылатын кітаптардың бірі [7, 176-б.]. Қалам қайраткерлерінің ұлт қасиеті мен ұрпақ болашағына жандары күйзеле отырып айтқан ащы ақиқаттары Н.Ә. Назарбаевтың 2030-жылға дейінгі Қазақстан халқына арналған жолдауымен үндесіп жатқандығы байқалады. Зерттеліп отырған мәселеге байланысты алаш қайраткерлерінің көптеген еңбектері бар, атап айтатын болсақ қазақ халқының бостандығы үшін елеулі еңбек етіп, ұлттық сананы көтеруге елеулі үлес қосқан Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Әлихан Бөкейханов, Мұхаметжан Тынышпаев және т.б.

Л.С.Ахметованың «Басқару система жағдайында қазақстандықтарды патриотизмге тәрбиелеуде проблемалары» жөнінде жазылған докторлық диссертациясы «советтік кезеңді» қамтиды. Онда сонау 40-50 жылдардан бастап 1990 жылға дейінгі кезеңдегі қазақстандықтарды отансүйгіштікке

тәрбиелеудегі жұмыстар, ондағы қарама қайшылықтар, патриоттық тәрбиедегі «тоқырау» мен «қайта құру мәселелері» сөз болады [8,с.46]. Тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Тәуелсіздігіміздің бес жылы» деп аталатын кітабы 1991 жылы желтоқсанда Қазақстанның тәуелсіздігі жариялағаннан кейін, осы бес жыл тұсында атқарылған әрекеттер, сондай-ақ еліміздің ішкі саясатында орын алып отырған проблемалар сөз болады. Қазақстан тұңғыш рет өзінің жаңарған тарихында жан-жақты дамыту жұмыстары жүргізіліп жатқандығы баяндалады. Республикамызда ең өзекті проблемалардың бірі – тіл мәселесі туралы, әскер доктринасын жүзеге асыру, халқымыздың ынтымағын, бірлігін нығайту үшін ұлттық рухты жоғары қою керектігі сөз болады.

Туркиядағы Ақдениз университетінің профессоры Шахин Филиздің ғалымдарға жүргізген дәрісінде мына бір пікірді айтады: «Түрік топырағында өмір сүріп жатқан барлық этникалық топтар түріктер. Қытайда балаларды кішкентай кезінен бастап сен қытайсын, сен қытай қоғамында өмір сүріп жатырсың деп тәрбиелейді». Шахинбей мырзаның осы айтқан ойына талдау жүргізетін болсақ, біздің қазақ қоғамында бірнеше ұлттың өкілдері қазіргі таңда өмір сүріп жатыр, олардың қазіргі таңда тұрақты мекені Қазақстан, сондықтан олар өздерін қазақстандықпыз деп айтуға толық құқысы бар. Бала өмірге келген күннен бастап, сен қазақсың, ең алдымен қазақ тілінде сөйлеуін керек деген құндылықтармен отансүйгіштікке тәрбиелеу керек, ары қарай жасөспірім қоршаған ортаның, қоғамның, мемлекеттің ықпалымен өмір сүреді. Патриоттық сезімді қалыптастырудың ең алғашқы шешуші факторы отбасы болып табылады, яғни алғашқы дүниетаным, дүниеге деген сезім ерекшеліктері пайда болып, балаларда азаматтық жауапкершілік қалыптасады. Соңғы жылдарда отбасының балаларды тәрбиелеудегі рөлі өте күрт төмендеп кетуі ерекше дабыл мен ауырлықты туғызып отыр. Ата-аналар мен туысқандардың беделі мен мәдениетінің төмендеуі артып келеді. Жастардың бірқатар бөлігі «отанды сезімтал адамдар ойлап тапқан», «қай жерде жақсы өмір сүрсең, сол жер тамаша» деп есептейді. Осындай жағдайда білім беру жүйесі тәрбиелеудің әрбір субъектілеріне шынайы тәрбие интеграциясын қамтамасыз ету керек. Білім, ғылым адамға арналу керек. Отанға деген сүйіспеншілік тікелей тәрбиемен байланысты.

Әлем халықтарының баланы, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып өтетін болсақ, мәселен Оңтүстік Корея кішкентай мемлекет болғанымен, тарихы терең ел болып есептеледі. Баласын жастайынан: «Біздің өткен тарихымыз өте бай. Бізде ұлы дәстүр, дін бар. Сен өз тарихыңды білуге және ұмытпауға тиіссің. Сен корей болғаныңа мақтануың керек. Бірақ біздің территориямыз кішкентай, пайдалы қазбаларымыз жоқ, сондықтан біз тек өз ақылымыз бен білімімізге ғана сенуіміз керек. Білім табиғи пайдалы қазбалардың орнын алмастыра алады. Сондықтан сен басқа халықтарды қуып жетіп, басып озуың керек» деп құлақтарына құйып отырады. Ал Қытай халқының алға қойған мақсаттары анық және түсінікті. Қытай басшыларының сөзі мен ісі ешқашанда алшақ болмайды. Халық алға қойған мақсаттарына жететіндігіне сенеді. Қытай билеушілері идеология мен бизнестің негізі етіп үш философиялық қағиданы басшылыққа алды. Олар Конфуций мен Лао-Цзының философиялық теориясынан бастау алады. Конфуцийдің пікірінше, әрбір қоғам мүшесі өз міндеттерін жете сезініп, дұрыс атқаруы тиіс, ең бастысы халықтың жүрегінде үкіметке деген, мемлекет билігінде жүрген қызметкерлерге деген сенім болу керек. Қазіргі таңда Қытай экономикасы мен реформаларының үлкен жетістікке жетуі – халық пен үкімет басындағы адамдар арасында берік сенімділіктің болуы. Сенім болған жерде халықтың еңбекке деген, білім мен ғылымға деген ұмтылысы жоғары болады. Келесі алпауыт мемлекеттердің бірі Жапония өз реформаларының негізі етіп «Біз бәріміз – бір отбасымыз» деген ұжымшылдық идеяны алды.

Германия Федеративтік Республикасындағы патриоттық тәрбиеге тоқталатын болсақ, бұл ел негізінен 16 аймақтан құралған республика. Әр аймақтың өз конституциясы, парламенті және үкіметі бар. Сонымен бірге бұл аймақтарда үнемі бір-біріне ұқсамайтын реформалар болып тұрады. Мектептерде "неміс тарихы" деп аталатын курс сабақтары және "Staatsbürgerkunde" аудармасы қоғамтану курстары жүреді. Аталған сабақтарда мемлекеттің құрылымы қалай қалыптасады, демократиялық институттардың (сайлау, парламент және т.б.) жұмыстары туралы мәліметтер беріледі. Білім алушылар Германия азаматтарының міндеттері мен құқықтары, әлеуметтік өмірлері туралы өтілетін курстар бойынша мағлұматтар алады.

Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, Израиль мемлекеттерінің патриоттық тәрбие бойынша жазылған еңбектеріне талдау жасай келе мынандай белгілерді байқауға болады. Бұл елдерде жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудің негізгі бағыттары нормативті-құқықтық қамтамасыз етуді дамыту болып табылады. Осы аты аталған елдерде жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу мемлекеттік саяси бағыт негізінде заңды түрде бекітілген, яғни нормативті-құқықтық акт

негізінде Конституцияға енгізілген[9,с.120]. Осы елдерде патриоттық тәрбие жұмыстары жүргізілетін мемлекеттік орталықтар, әртүрлі ұйымдар бар. Қазіргі таңда бұл мемлекеттерде жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу жұмысы тікелей мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың белсенді араласуымен жүріп отырады. Философиялық көзқарас бойынша отансүйгіштікке тәрбиелеу келесі идеологиялық проблеманы тұжырымдауға алып келеді: «өз отанында шетелдік болма». Патриоттық сананың мәнін талдау, оның құрылымы, қоғамдық санадағы орны және қоғамдағы рөлі П.Е.Сапегиннің еңбегінде ерекше қарастырылады, онда патриоттық сананы отанға деген жалпы қарымқатынастың нәтижесі деп көрсетеді. Бұл тұтастық рухани күшке және патриоттық өзін-өзі тануға, «өткеннің прогрессивті дәстүрлерін қабылдауға және білім берудегі мақсатты ықпалға» бағытталған қоғамдық сананың барлық формалары болып табылады[10, с.12.].

Патриот болудың, патриотты ел болудың әлемдік тәжірибесіне тарихи талдау негізінде мына жағдайларды байқап отырмыз, әлемдегі алпауыт мемлекеттердің бірі АҚШ өзінің тәуелсіздігін 1776 жылы қабылдағаннан бастап мемлекеттілікті құрудың дұрыс жолын таңдай білді. Тәуелсіз мемлекеттің негізін салушылар дұрыс жолды таңдай білді, пендешілікке салынбай, ұрпақ алдындағы азаматтық борыштарын адал сақтай отырып, еркіндік пен теңдікті ту еткен егеменді ел үшін күресті. Американдықтар тәуелсіздік үшін жанқиярлықпен күресті. Бізге де тәуелсіздік оңайға түскен жоқ, егеменді ел болғанымызға биыл 30 жыл болсада, рухани, экономикалық тәуелсіздігіміз әлі ақсап тұр, алда қыруар жұмыстар атқаруымыз керек. АҚШ «Тәуелсіздік декларациясының» авторы саналатын Т. Джефферсон осынау маңызды құжатта: «өмір сүру, бостандық пен бақытқа ұмтылу Жаратқан иенің адамдарға тумысынан берген ажырамас құқықтары болып табылады, осы құқықтарды қамтамасыз ету үшін адамдар өздері өкілеттік берген үкіметті құрайды, егер, үкімет бұл мақсаттарға нұқсан келтірсе, онда халық үкіметті өзгертуге немесе таратуға құқылы, сөйтіп, қауіпсіздік пен бақытқа жетуге мүмкіндік беретін жаңа үкіметті құра алады» – деген қағиданы тұжырымдап, оны сол кездегі Континентальдық конгресс заңды түрде бекітті. Яғни, өмір сүру, бостандық пен бақытқа ұмтылу құқықтары – американдық арманның өзегінде жатқан принциптер болып табылады. Осылайша, американдық арман құрама елдің біртұтас әрі бірегей өмір-салтына айналды. Нәтижесінде американдық арман жетегінде бақыт іздегендер жер шарының түпкір-түпкірінен АҚШ-қа қарай ағылды, бұл миграциялық процесс әлі күнге дейін жалғасып келеді. АҚШ-тың күшті мемлекет болуына негіз болған жағдай, ұлттық мүддені қорғау мен қамтамасыз етуге деген ынтыңның жоғары болуы.

АҚШ-та скаут қозғалысы патриоттық тәрбиеге маңызды үлес қосады. «Мен Америка Құрама Штаттарының болашағымын», – дейді JROTC Жарғысының бір тармағы. Көп елдерде «жастар біздің болашағымыз» деген ұранды көп айтатын болса, АҚШ-та «мен Американың болашағымын», - деген сенімді іспен дәлелденген сөзді айтады. Бұл жас ұрпақ өкілдерін отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеудің жеткілікті дәлелі. Оқушыларға американдық өмір салтына ерекше құрметпен қарауға, олардың құндылықтар жүйесіне «отан», «конституция», «ұлттық қауіпсіздік» сияқты ұғымдарды қалыптастыруға үйретеді. Заңға сәйкес, скаут қозғалысының негізгі мақсаттары: жас ұрпақты азаматтылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, Американың ұлттық мүдделерін қорғау міндеттеріне құрметпен қарау, өзіне деген сенімділікті, көшбасшылықты дамыту, ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасау қабілетін жақсарту, дене шынықтыру деңгейін арттыру.

Израильде патриоттық тәрбие азаматты Израиль армиясында қызмет етуге дайындау ретінде қарастырылады. Израильде патриоттық тәрбие ГАДНА деп аталатын әскерлендірілген жастар ұйымы аясында жүзеге асырылады. Мұндай израильдік ерікті жастар ұйымы 13-18 жастан бастап жасөспірімдерді әскери қызметке дайындайды. ГАДНА 1948 жылы құрылған (Шульман). Жастар ұйымының басты мақсаты: азаматтарды Израильдің аумағы мен экономикалық мүдделерін қорғауға дайындау. Еврей халқы өз мемлекетін құрған күннен бастап, халқы және әскери күші бірнеше рет өсті, бірақ патриоттық тәрбиенің принциптері мен формалары ешқандай өзгеріссіз сол қалпында сақталып отыр[11]. Қағидалар заманның талабына сай жаңартылып отыр, бірақ негізгі басты тәрбие өзегі өзгеріссіз қалып отыр.

Ал енді Франция мемлекетіндегі жастарға патриоттық тәрбие беру бағыттарына келетін болсақ, мұнда бұл тәрбиенің өзгеше формалары жасалған. Олар отансүйгіштік тәрбиені, әскери міндеттерді орындаумен байланыстырмайды. Францияда 10 жылдан астам уақыт бойы жалпыға бірдей әскери міндетті орындау және әскерге шақыру деген жағдай жоқ. Ғасырлар тоғысында президент Жак Ширак Француз жігіттерін әскери міндеттіліктен құтқарды. 1996 жылы ол кәсіби армияға біртіндеп көшу және әскерге шақыруды тоқтата тұру туралы шешім қабылдады. 2011 жылғы 29 қарашада Францияда жалпыға бірдей әскери міндет жойылды. Содан бері елдің қарулы күштеріне қызметке қабылдау тек келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады. Дегенменде, отансүйгіштік тәрбиеге басқа

елдерден кем емес негізде көңіл бөлінеді. Он алты жасқа келгенде, барлық француз жастары тұрғылықты жері бойынша мэрияға (қалалық басқармаға) тіркелуге міндетті. Францияда мемлекеттің жастармен жұмыс жасаудағы маңызды мақсаты – жастардың бойында ұлттық-мемлекеттік сананы қалыптастыру және өркениеттің даму жолына түскен өз мемлекетінің асыл мәртебесін құрметтеу болып табылады. Өзіндік ұлттық сананы қалыптастыру жиындарынан өткендігі жөнінде сертификат алады. Францияда бұл өте маңызды құжат болып есептеледі. Бұл құжатсыз көлік жүргізу правосын ала алмайды, мемлекеттік жұмысқа тұру үшін конкурсқа қатыса алмайды және университетке де түсе алмайды. Мұнда өскелең ұрпақтың патриоттық тәрбиесіне жалпы және кәсіби білім беру жүйесі жауапты. Патриотизмге тәрбиелеу жөніндегі жүйелі қызмет білім беру жүйесіндегі кадрларға жүктелген.

Отансүйгіштік сезім өрге бастайтынын өз ұлтымыздың тарихы да талай мәрте дәлелдеп келеді. Кейде: шіркін, осындай бір өзіне бірнеше мемлекет сыйып кететін ұлан-байтақ жерді ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай қалай аман сақтаған деп таңданамыз. Өз сауалымызға өзіміз жауап тауып: «Найзаның ұшымен, білектің күшімен» деп мақтанамыз. Дұрыс-ақ, ешбір қатесі жоқ. Тегеуірінді күштің тетігі жүрек қуатынан нәр алғанда ғана қозғалысқа келмек. Ұлан майдан ұлы істе де, жеке-дара жекпе-жекте де рухы мықты ұтады.

Ұлы бірлік – отансүйгіштік рухтың аса бір қасиетті мәйегі. Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіздік жолында ту етіп көтерген реформаторлық идеяларының бірі – қазақстандық отансүйгіштік ұғымымен астасып жатуының терең мәнін де содан іздеген жөн. Елбасы оған еңселі елдігімізді танытар сүйеніш ретінде қарайды. Оның аясы әдеттегі тарихи таным зердесінен кеңірек. Қазақ қоғамының бүгінгі сипаты және оның алдында тұрған қазіргі тың тұрпатты міндеттерге сәйкес соны өріс алған. Қазақстанды шын мәнінде өз Отаны деп санаған адам басқа елдерге жалтақтап, солардың көмегімен өзіне әлдебір жеңілдіктер алуға немесе болған артықшылықтарын сақтап қалуға ұмтылмас еді. Барлық отандастарымен тағдыры ортақ екендігін терең сезінген жан басқа түскен қиындықтарды да бірлесе күш жұмсап жеңуді ойлары анық.

Осы орайда, қазақ ұлтының қоғамдағы біріктіруші рөлін күшейту деген қағидаға тағы бір орала кеткен жөн сияқты. Бұл процестің нәтижелі өрбуі тек қазақтарға ғана байланысты емес екендігін ашық айту керек. Басқаларға кең қолтық, түсіністік пиғыл таныту тиісінше қайтарым болған жағдайда ғана ұнамды үрдіске ұласады. Ұлттық келісім – бір бағыттағы көше ағыны емес, жан-жақтан бір-біріне достық ниетпен ұмтылған жолаушылардың тоғысар торабы. Отансүйгіштік сезімінің рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттің материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар. «Өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар» дейді халқымыз. Жан сала істеген жұмыс өнімді. Ертеңге деген сенім – етектен тартқан енжарлықтың жауы.

Отаншылдық сезімді қалыптастырудың тағы бір алғы шарты – халық пен мемлекет арасындағы өзара сенімді нығайту. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру осы мемлекет пен халық арасындағы кәміл сенімді орнықтыруға тікелей байланысты. Адамдар мен мемлекет мүдделерінің ортақтығын, өзектестігін бұқаралық сана толық түсінген жағдайда қоғамның патриоттық сезімі арта түсетін болады. Тұтас елдің мүддесі мен жеке адам мүддесі әрдайым өзектес, сабақтас екенін әрбір азаматтың жете түсінуі олардың отаншылдық сезімін тәрбиелеуге тікелей қатысты екендігі сөзсіз. Адамдардың айқын азаматтық тұғырын қалыптастырмайынша, ұлттық рух туралы сөз етудің өзі артық. Елінің, жерінің өткенін сезінбей, оның ерлікке, адамгершілікке толы тарихын, дәстүрін білмей мәдениетін, әдебиетін, өнерін жете ұғынбай, отаншылдық сезімді оятудың өзі мүмкін емес. Өткен тарихты объективтік тұрғыдан саралап зерделеуге ұмтылу – заман талабы. Патриотизм ұғымы дерексіз, психологиялық сезім күйінен нақтылы іс-қимыл әрекетіне ауысқанда ол әр адамға түсінікті әрі әсерлі болады. Отан деген ұғымнан тарайтын бұл құбылыс қайткенде нақтылы сипат алады. Отан деген дерексіз дүние емес. Ол халықтан, жерден, судан елдің дәстүрі мен мәдениетінен, өнері мен әдебиетінен, тарихы мен бүгінгі тыныс - тіршілігінен құралады. Онда патриотизм осылардың бәріне деген шексіз сүйіспеншілік сезімнен туындайды.

Отансүйгіштік рух – қазақ елінің әлемдік өркениет көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден – бір күш. Көп ортасында көзге түсу үшін де кемел болмыс керек. Төл тарихы, мәдениеті мен өнері, экономикалық қуаты жоқ ел басқаларға қызықсыз. Ал оларды кең таныту үшін алдымен қадір қасиетінді өзің жақсы білуің, мақтаныш ете алуың керек. Сонда ғана немен, қалай байыту керек деген мәселелер айқындала түседі. Елдікті, ұлттық намысты бәрінен жоғары қою – отансүйгіштіктің ең басты белгісі. Елдік қасиеттер аспаннан түспейді, жоқтан жаралмайды. Өзі туған топырақ тозаңы және ана сүтімен

ұйыған ұлтжандылық сыртында, өскен ортасы мен азамат ретінде қалыптастырған қоғамы дарытар терең де текті дүниетаным негізінде ғана түзеледі. Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу ісін жаңа мемлекеттік идеологияның аса маңызды міндеттерінің бірі ретінде алға тартуының сыры да осында жатыр. «Ал оны елдің Туын, Елтаңбасын, Гимннің қастерлеуден, заңды, өкіметті құрметтеуге тәрбиелеуден бастау керек», - деп жазады Нұрсұлтан Әбішұлы «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде [12.306.]. Елбасы айрықша назар аударып отырған мемлекеттік рәміздер мен заңға құрмет көрсету бүкіл бүгінгі өркениетті қоғамдардың өмір салтына айналған дәстүр. Ол ел бірлігі мен демократиялық үрдістерге адалдық антындай қастерленеді. Адам жанының ең бір нәзік пернелерін дәл басуға негізделген бұл моральдық императив – қоғамдық сана деңгейінде зор қозғаушы күш, мемлекет пен прогрестің іргетасы міндетін атқарады. Адам бойына сіңген әлеуметтік және рухани құндылықтар рухани табандылықтың, ерлік пен батырлықтың, ізгіліктің бастауы бола отырып, Отан алдындағы борыш пен міндетті орындауда кездескен қиындықтарды батыл жеңуге құлшындырады. Ол үшін қоғам мүддесі, ұлттық мүдделер әркімнің өзінің, жеке басының мүддесі дәрежесінде қабылдануы керек.

Жеке адамның санасында Отан түсінігінің қаншалықты терең және саналы орнығуына қарай патриотизмді екіге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі отан туралы жалпы түсінік: оған халықтың тарихы, дамуы, қорғаныс тәсілдері, патриоттық пікірлер, көңіл-күйі, дәстүрлері мен саналы сезімі кіреді. Екіншіден, патриотизмнің теориялық деңгейі де бар. Атап айтқанда, отанның құрылуы, дамуы, сақталуы, оның егемендігі мен тәуелсіздігі туралы ғылыми білімдерді жете меңгеру, отанға қызмет ету жөніндегі патриоттық идеялар, патриоттық мінез-құлық нормалары – осы теориялық деңгейді сипаттайды.

Патриоттық сана ұлттық және жалпы адамзаттық мүдделер тұрғысынан қарағанда отанға деген көзқарас құндылықтарының жиынтығы болып табылады. Құндылық дегенде біз жеке адамның, адамдар тобының, этностың өз Отанының бүкіл табиғи және әлеуметтік элементтеріне қатынасына негізделген әлеуметтік сипаттаманы айтамыз. Бұл сипаттама жүйесі жеке адамның, әлеуметтік топтардың өзін қоршаған ортамен байланысының негізгі желілерін айғақтай отырып, тәрбиелік ықпалдың бағдарлары мен әлеуметтік мәнін білдіреді. Тұтас алғанда патриоттық сана дегеніміз – Отан ұғымын құндылық тұрғысынан сезіну және санаға сіңген бұрынғы ұрпақтардың озық дәстүрлеріне ұмтылу. Қазақстандық патриотизм – бұл қазақ халқының жүрегі. Осы тұрғыда А.Н. Котовтың монографиясындағы мына ойларды атап өтпеске болмайды: «Казахстанский патриотизм как принцип и процесс политики оформляется в стратегию социального единства республики в этническом многообразии. Народ Казахстана складывается в гармоничную полиэтническую гражданскую общность живущих на одной территории, связанных общими экономическими условиями, обладающих единым этносом и родственным менталитетом людей, которые объединены идеями общности исторической судьбы и человеческого благополучия, защищены одним национальным по происхождению и конституционным по характеру организаций власти, демократическим, социальным государством» [13.с.287.].

Ата-бабаларымыздың іс-тәжірибесі анықтағандай, адамзаттың көзқарасы қоршаған ортаның, алған білімінің ықпалымен өзгеріп, дамып отырады. Көзқарас бірте-бірте қалыптасып отырады, мұнда ең басты рольді атқаратын нәрселер: жеке адамның өзіндік психологиясы, қабілеті, қызығушылығы, мәдениеті, қарым-қатынас мәдениеті, елдің жалпы саяси, адамгершілік климаты, тарихи ескерткіштердің ықпалы. Осылардың бәрі «Отан» деген ұғымды білдіреді. Отанға деген сүйіспеншілік бұл адамның өз еліне деген ажырамастығы. Ұлттық мәдени процесі патриотизмсіз бөлек қарау мүмкін емес және отаншылдық сезімнің белгілі бір саласы боп есептелінеді. Әрине әртүрлі кезеңдегі отансүйгіштік сезім әртүрлі элементтермен дамып отырады. Сенена былай дейді: «Отаныңды кең-байтақ екендігі үшін емес, өзіндікі үшін сүйесін». Ал Симонид Кеосский болса мына нәрсені атап көрсетті: «адамды толық бақытты деп айтуға болады, егер де оның отаны болса». Марциала болса: «Әр жерде өмір сүретін адам, еш жерде тұрмайтын адам», - деген пікірін білдіреді.

Патриоттық тәрбие тәжірибелері мен тарихын сараптап алмай тұрып, адамдар санасына қазақстандық патриотизм ұғымын орнықтыру мүмкін емес. Қазақстан сан түрлі күрделі тарихи аласапырандарды бастан өткізіп барып құрылған тәуелсіз әрі көп ұлтты республика. Жан-жақты өзгеріп жатқан көпұлтты қоғам жағдайында адам факторы белсенділігін күшейтудің, әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдетудің, егемен мемлекетті қорғаудың басты құралы – нақ осы қазақстандық патриотизм болып табылады. Оның проблемаларын ғылыми тұрғыда пайымдап, пайдалану – объективті қажеттілік. Көпұлтты қоғамның қазіргі дамуында қазақстандық патриотизмді – Отанға берілгендік пен азаматтық ерлік, өнеге көрсетушілік, жоғарғы патриоттық

мұрат пен туған жерге деген сүйіспеншілік, саналылық пен сезімділік, кешегі мен бүгінгінің кейпін өзінше түсініп барып, санқырлы құбылыстарды үйлестіре алу деп білеміз.

Қай заманда да әр адамның санасындағы аса мазмұнды және құрметті мәртебеге ие ұстаным – ол отансүйгіштік сезім болып келгені ақиқат. Бұл туралы әлемдік және төл тарихымыздың әр бетінен негізгі дерек табылады. Туған елінің құндылықтарын, әсіресе тілі мен мәдениетін әрдайым құрметпен жоғары ұстап, ол құндылықтарды басқа ұлттар мен ұлыстарға, мемлекеттерге тарату да - отансүйгіштіктің белгісі. Қазақстандық патриоттық ұстанымның негізі, оның мақсаты, міндеті, мазмұны, түрі, құрылымы, әдісі, тәсілі, заңдылықтары, қағидаттары, құралдары бар. Егер патриоттық тәлім-тәрбие арнасында солардың бірінің негіздері болмаса, ол жәй сөз болып қалуы мүмкін. Кез-келген мемлекеттің білім беру жүйесі сол қоғамда ұстанған саясатымен анықталады. Мысалы, Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында осы мәселелер анық көрсетілген болатын. Қазақстандық патриотизм мен ұлтаралық татулыққа тәрбиелеудің жолдары мен құралдары – ол түрлі іс-шаралар, тәрбие сағаттары, гуманитарлық пәндердің мазмұны. Қазақ баласының ұлтжандылық, отаншылдық сезімде тәрбиелеу – білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғары оқу орнына дейінгі барлық ұйымдардың міндеті. ХХІ ғасырда өз ұлтын сүйген, бірлікте болған халық қана тұтастығын сақтап қалады.

Жаһанданған заманда қазақ халқын жаманшылықтан құтқаратын нәрсе ол – ұлттық құндылықтар. Біз қаншалықты керемет білім алсақ та, теңдессіз технологияны меңгерсек те, елді ел қылатын ұлттық құндылықтар. Қазақты сақтайтын да солар. Одан айрылсақ, айдалаға адасамыз. Қорғансыз, тірексіз қаламыз. Қандай заман орнаса да, біздің тірегіміз – әдет-ғұрпымыз, салт-дәстүріміз. Адами болмыстың жоғары қасиеттеріне парасаттылық, білімділік, Отанын сүйу, имандылық пен ғылымды меңгеруін, туған тілін құрметтеуін жатқызамыз. Тәуелсіз мемлекетіміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілінің тарихына үніле отырып, қазіргі жағдайын сараласақ, ұлттық тіліміздің болашағына көз жіберсек бабалар еңбегінің құндылығына бас иеміз. «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген жазушыларымыз бен ғалымдарымыздың пікірлері ойымыз бен санамызды толғандырады. Тілімізді гүлдендіретін де, болашағын көркейтетін де ұлтын сүйетін ұлтжанды ұрпақ болмақ.

Қазақ зиялыларының ішінде ұлт руханиятының қай саласында болмасын халқымыз үшін берекелі еңбек еткендердің бірі – Мұхтар Әуезов. Ұлы жазушы мәдениет пен тілді тұтас алып қарастыра отырып: «Өз тілін білмеген адамдарды мәдениетті адамдардың қасына қосуға болмайды» - деп тілін білмеген, оның қыр-сырын жетік меңгермеген адамдарды мәдениетті адамдардың қатарына қоспаған. Туған тілін білген және оны құрметтеген адамды ғана, бойында тұлғалық қасиеті қалыптасқан адам деп есептеген [14.16].

Патриотизмді қалыптастыру – бұл қоғамның әлеуметтік тапсырысынан нәр алатын мемлекеттік міндет. Отаншылдық сезімді қалыптастырудың тағы бір алғы шарты – халық пен мемлекет арасындағы өзара сенімді нығайту. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру осы мемлекет пен халық арасындағы кәміл сенімді орнықтыруға тікелей байланысты. Адамдар мен мемлекет мүдделерінің ортақтығын, өзектестігін бұқаралық сана толық түсінген жағдайда қоғамның патриоттық сезімі арта түсетін болады. Тұтас елдің мүддесі мен жеке адам мүддесі әрдайым өзектес, сабақтас екенін әрбір азаматтың жете түсінуі олардың отаншылдық сезімін тәрбиелеуге тікелей қатысты екендігі сөзсіз. Адамдардың айқын азаматтық тұғырын қалыптастырмайынша, ұлттық рух туралы сөз студің өзі артық. Елінің, жерінің өткенін сезінбей, оның ерлікке, адамгершілікке толы тарихын, дәстүрін білмей мәдениетін, әдебиетін, өнерін жете ұғынбай, отаншылдық сезімді оятудың өзі мүмкін емес. Өткен тарихты объективтік тұрғыдан саралап зерделеуге ұмтылу – заман талабы. Патриотизм ұғымы дерексіз, психологиялық сезім күйінен нақтылы іс-қимыл әрекетіне ауысқанда ол әр адамға түсінікті әрі әсерлі болады. Отан деген ұғымнан тарайтын бұл құбылыс қайткенде нақтылы сипат алады. Отан деген дерексіз дүние емес. Ол халықтан, жерден, судан елдің дәстүрі мен мәдениетінен, өнері мен әдебиетінен, тарихы мен бүгінгі тыныс - тіршілігінен құралады. Онда патриотизм осылардың бәріне деген шексіз сүйіспеншілік сезімнен туындайды. «Адамзаттың эволюциясы үш шартты кезеңнен құралған: өткені, бүгіні, болашағы. Өткен – адамзаттың бүгінгі күнге дейін тарихи сабақтасқан шынайы тұрмыс тіршілігінің нақты картинасы. Бұны ғылыми тұрғыдан дәйектеп, өткеннің үздіксіз хронологиялық кестесін жасап, нақты деректер мен рухани көздер арқылы жүйелеп құру тарихтың еншісінде». Тарихи сана тағылымын бүгінгі қоғамдық сана мен ұрпақтарымыз үшін мынадай маңызды болып саналатын түйіндер ретінде ұсынуға болады:

- Шынайы тарихты аша отырып, өткеніміз бойынша танылатын халқымыздың ерекшеліктері мен жетістіктері арқылы ұрпақтарымыздың санасында өз халқына деген мақтаныш пен сүйіспеншілік сезімді ояту;

- Түркілік кезеңнің асқақ этнорухы арқылы отаршылдық сана сарқыншағынан қалған «өзін төмен санау кемістік комплексін» жоюдың механизмдерін қалыптастыру.

- Өткеннің қателіктерін қайталамау және ондағы кемшіліктерді жоюдың бағдарларын құрастыру үшін жаңа модельдер құру;

- Тарихымыз бастан өткергендей, қиыншылықтарға төзімділік толерантизмін қалыптастыру мен кез-келген жағдайда одан шығудың тарихи тәжірибелерін пайдалану;

- Ұлттық мінез психологиясындағы жағымсыз сапалар мен қасиеттерді жете зерделеп, одан біртіндеп құтылудың механизмдерін жасау; Осыдан шығатын маңызды түйін: Қазақстандағы қазақ азаматтарының алдындатұрған үлкен міндет – Отанымыздың негізгі субстраты қазақтардың төңірегіне өзге ұлт өкілдерін топтастырып, мемлекетіміз бен ұлттық болмысымызды қастерлейтін таным-түсінік қалыптастыру болып табылады. Тарихи сана – қоғамдық сананың, оның барлық элементтерінің, формалары мен жүйелерінің маңызды құбылмалы қыры.

Тарихи сананың кез-келген қоғамның, таптың немесе әлеуметтік топтың, тіпті адамзаттың өз жағдайын уақыт ағымында, өзінің осы шағын өткен шақпен және келешекпен байланыста қарастыратындықтан, мұны қоғамдық сананың ерекше формасы ретінде қарастырылған абзал. Алайда оны мейлінше көп ұшырасатын сананың формасы арқылы анықтау дәл келмейтіндей көрінеді. Шын мәнінде, тарихи өлшем адамның қоғамдық болмысының, оның өзгермелілігінің шешуші сипаттамасы болып табылады. Өткен жолын белгілей отырып, адам өзінің әлеуметтік сапасын да, оның нақтылығын да аңғарады. Сонысымен ол өзін әлеуметтік үдеріспен бірегейлендіреді де, әрі одан бөліп айрықшалайды да. Тарихи сана әлеуметтік субъектті мәдени – тарихи үдеріске енгізудің ықпалдарының бірі түрінде көрінеді. Тарихи сана ұлттың бірегейлігін қалыптастыратын құнарлы орта болып табылады, әрбір халықтың өзіндік «менін» ұғынуына септігін тигізеді. Халықтың өзіндік санасы мәдени және тарихи тамырдан ажырамауы тиіс және оның үстіне, ол жаңашылдық даму үрдісіне сіңірілген берік әлеуметтік және қоғамдық дәстүрге сүйенуі қажет.

Тарихи санадағы түбірлі өзгерістерді қазақ халқының әлеуметтік дамуындағы мынадай негізгі тарихи кезеңдермен айқындауға болады: «алтын заман» - Алтын Орда тұсындағы қазақ пен ноғай бірлігі, еуразиялық көшпенді өркениеттің шарықтау шегі; «қилы заман» - қазақ пен ноғайдың айырылысып қалуы ауыр кезеңде көшпенділікті таңдап қоныс аудару, дербес мемлекеттік құрып, оны сыртқы жаулардан қорғау; «зар заман» - еуразиялық көшпенділіктің жаппай дағдарысы, оның соңғы тұяғы – Қазақ хандығының тәуелсіздіктен айрылып, Ресей империясының боданына айналуы; «Жаңа заман» - XX ғасырдың басынан бастап бүкіл шығыс елдерін қамтыған реформаторлық қозғалыс империализмге қарсы күреске ұласып, ұлттық сана оянып, ұлтжандылықтың өз күшіне енуі; «қазіргі заман» - еуразиялық алып кеңістікте Ресей империясының орнына Кеңестер Одағының келуі және бүгінгі тәуелсіздік кезең.

Осы орайда халқымыздың отаншыл азаматтарының бірі Бекболат Тілеухан өзінің «Түркістан» газетінде берген сұхбатында ұлттық сана туралы өзінің өзекті ойларын айтады: «Ұлттық сананы оятудың бірден бір кепілі – тарихи сананың қалыптасуы. Тарих ғылымының өзінің бір сипаты – жеңіс пен жеңілістердің баяны. Тарихи тұлғаларға баға бергенімізде, олардың қажыры мен аяласын, біріктіре алған қабілетін, себебі мен салдарын таразылаған даналығын, қауіп алып айтқан көрегендігін сараптаймыз. Қарабайыр тілмен айтқанда, тарих - өткеннің үлгісін келешекке сабақ етпекке керек ғылым. Мақтан үшін емес, сабақ үшін. Еуразияның апайтөс даласында атой салып, үзеңгісіне шіренген жалпақ жұрт жалтақ жұртқа айналу себебін білу үшін тарихи сана керек». Сондай-ақ осы сұхбатта қайраткер патриотизм туралы тамаша пікірлерін айтады: «Патриотизм – болашағын осы мемлекетпен бірге көруден қалыптасатын сезім. Осы ел, осы жерді топансу қаптап кетсе де кетпеймін деген ой. Елдің бақыты - оның мұратына айналмақ. Патриотизм деп аузың айтып, қолың халық қазынасына сұғылса. Ол не? Ол- екіжүзділік. Елдің игілігі кемісе, жұрт қуаты кемімек, ендеше сен де сенің ұрпағыңда әлсіремең. Патриотизм – қара басының қамын, құлқыныңды ұлтыңның игілігінен төмен қою.»

2015 жылдың 2 шілдесінде елордамыздағы «Көрме орталығында» Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Нұрлы жол» және Үдемелі индустриялық – инновациялық даму мемлекеттік бағдарламаларының іске асырылуы барысына арналған жалпыұлттық телекөпірдің өткені белгілі. Жиын соңында іс-шараны қорытындылап, халықпен ой бөліскен Елбасы Қазақстанның бейресми символдық атауын бүкіл әлем бойынша ілгерілету туралы тың міндет қойып, «Әдетте, Жапонияны

- күншығыс елі, Кореяны – таңғы шық елі, Нидерландты – қызғалдақтар отаны, Қытайды Аспанасты елі деп жатамыз. Қазақстанға да осындай атаулы бренд жетіспейді. Біз Ұлы дала перзенттеріміз. Біздің бабаларымыз осы далада өмір сүріп, көкке табынған. Тәңірі дегеніміздің өзі – көк аспан. Біздің туымыздың көк түсті болуының астарында да осындай сыр бар. Бірегей көк түс – еліміздің бірлігінің белгісі. Ендеше, бізге неге өзімізді Ұлы Дала еліміз деп атамасқа», - деген ойын білдірген еді. 2015 жылы 11-қыркүйекте елордамыз Астана қаласында Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. Бұл жиын, соңынан жалғасқан қазақ елінің 3000 жылдық тарихын бейнелеген қойылымдар ел өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі болды. Бұл мереке шын мәнінде ел өміріндегі ерекеше, айрықша, тіпті ұлы мереке болып қалмақ. Осы аталмыш, тарихи оқиғаға байланысты елімізде көптеген игі шаралар өткізілді. Соның бірі елордада өткен «Мәңгілік Ел» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда Батыс пен Шығыстан келген көптеген елдердің оқымыстылары қазақ тарихы туралы, әсіресе Қазақ хандығының 550 жылдығына қатысты небір рухынды көтеретін, басылып қалған сананды серпілетін деректерді келтірді. Ақын Жұбан Молдағалиев айтқан «Мың өліп, мың тірілген қазақ» енді ондай қасіретті бастан кешпей, Президент айқындап берген «Мәңгілік Ел» бағытында өмір сүруі керек. Бұл ұлы мақсат міндетке әр қазақ, бүкіл қазақстандықтар өз үлесін қосып, ұлттық идеяны мәртебелі етсе, тәуелсіздігіміздің өркені өсіп, өрісі кеңіп, алтын тағы мықты бола береді. Қазақ халқы жастарды патриотизмге тәрбиелеуде ұлттық мәдениеттің рөлін өте жоғары бағалаған. Ұлттық мәдениеттің рухани бағытын да, материалдық бағытын да назардан тыс қалдырмаған. Қазақ халқының ауызекі шығармашылығын гуманизм мектебі десе болады. Өйткені ондағы кішіпейілділік, мейірімділік, қонақжайлылық, обалсауап, борыш пен парыз, имандылық, намыс сияқты гуманистік түсініктер жеке адамдардың күнделікті тыныс-тіршілігінде моральдық норма ретінде шешуші қызмет атқару дәрежесіне көтерілді. Олар адамның рухани дүниесін реттейтін гуманистік күштерге қағидаларға айналды. Егер «гуманизм» деген ұғымның мағынасына тоқталсақ, гуманизм – латынның «иманды» деген сөзінен алынған. Философиялық мағынада қарастырғанда адам болмысының тұжырымдамасы дегенді білдіреді. Нақтырақ айтсақ, гуманизм – адамның адами қадір – қасиетін, бітім-келбетін, оның жеке тұлғалық рухани көзқарасын, мінез-құлқын, сонымен қатар, адамның игілігіне, оның жан-жақты дамуына жасалатын қолайлы қоғамдық қамқорлықты білдіретін көзқарастар жүйесі. Гуманизм - бүгінгі таңда әрбір елдің өмір салты мен қоғамдық санасынан, психологиясынан белгілі деңгейде орын алып отыр. Гуманизмді патриотизмнен бөліп қарастыруға болмайды. Өйткені олар бір-бірімен етене қабысып, сабақтасып жатқан егіз ұғым, бірінсіз-бірі дәрменсіз болып қалады, оларды жеке-жеке жүзеге асыру мүмкін емес. Гуманизмнің мол үлгілері қазақ халық ауызекі шығармаларында көрініс алған. Оларда қазақтардың гуманистік дүниетанымы, адамдық сипаты мен сапасы, ұлттық қасиеті мен менталитет белгілері терең бейнеленеді.

Қорытынды. Шетелдік тәжірибені зерттеу, зерттеушіге мәселенің жаңа көзқарастары мен оларды шешудің жолдарын ашады, сонымен бірге өз еліндегі проблеманың жай-күйін тереңірек және толық түсінуге мүмкіндік береді, өйткені оның ерекшеліктері салыстыруда айқын көрінеді. Қарастырылып отырған әлем елдерінің патриоттық тәрбие беру жүйесін салыстыра отырып, бірнеше тенденцияларды көруімізге болады. Біріншіден, әрбір елдерде жастармен жұмыс жасаудың ұйымдастырушылық формалары әртүрлі екендігін көреміз. Олардың әрқайсысы мемлекеттің экономикалық ерекшеліктеріне бейімделген және патриоттық тәрбие бүкіл халықты қамтиды. Екіншіден, оқыту мазмұнында өз елінің экономикасының құндылығын, оның әлемдік қоғамдастықтағы маңызды рөлін түсіндіруге көп көңіл бөлінетіндігін анықтауға болады. Әрбір елде жастарды патриоттық қозғалысқа белсенді қатысуға ынталандыратын жастар үшін әлеуметтік және экономикалық мотиваторлар бар. Шынайы да парасатты патриотизм – бүкіл адамзатты жаныңмен жақсы көруге жеткізетін жалғыз жол. «Өз отанын сүймеген ештеңені де сүйе алмайды».- дейді Байрон. Қорыта келе, мақаланы түйінді оймен аяқтағым келіп отыр. Жалпы әлемнің барлық елдерінде отан дегенің – ол халық. Халық дегенің – адам. Адамды сүю, оған жақсылық жасау, жанашыр болу – адамгершіліктің белгісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *The Economist*. 2006. 9.
2. *Moore, Stupid White Man* 2001, 2002: 14.
3. *Hafezi P. Many Iranians, rich and poor, want real change // The Washington Post*. -2008. -03/10.
4. *Макаров В.В. Отечество и патриотизм: логико-методологический анализ*. - Саратов 1988. с. 159.
5. *Губанов Н.И. Отечество и патриотизм*. Москва, 1960. с. 48.

6. Топоров В.Н. Первобытные представления о мире (общий взгляд) // *Очерки истории естественнонаучных знаний древности*. Москва, 1982. с.25.
7. Мұртаза Ш., Смайылов К. Елім саған айтам, ел басы, сен де тыңда. Алматы, 1998. 176 б.
8. Ахметова. Л. С. Проблемы патриотического воспитания казахстанцев в условиях командно-административной системы. 1946-1991гг. (по материалам средств массовой информации). Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук. -Алматы 1998г. с. 46.
9. [Сайт Федеральний службы государственной статистики. URL:http://www.gks.ru/wps/wcm/connect/rosstat_main/rosstat/ru/statistics/population/demography, Гиндин Е.М. Патриотическое воспитание подростков в Израиле. Формирование патриотизма у молодежи средствами социокультурной деятельности. URL:<https://elibrary.ru/item.asp?id=27617379>, ЦзиньЦзюнькай. Социальные особенности современной молодежи Китая: демографические и семейные изменения // *Демографические изменения и семейная политика в России и Китае*. СПб., 2015. с. 120
10. Сапегин П. Е. Сущность и структура патриотического сознания // *Патриотическое сознание: сущность и формирование: сб. науч. тр.* – Новосибирск: Наука, 1985. – с.12.
11. Сайт Федеральний службы государственной статистики. URL:http://www.gks.ru/wps/wcm/connect/rosstat_main/rosstat/ru/statistics/population/demography, Гиндин Е.М. Патриотическое воспитание подростков в Израиле. Формирование патриотизма у молодежи средствами социокультурной деятельности.
12. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде 1998. 30б.
13. Котов А.К. Суверенный Казахстан: гражданин, нация, народ. – Алматы 1997г. стр.287
14. Әуезов М. Ғылым тілі. // *Абай*. 1918. №7. 1б.

References:

1. *The Economist*. 2006. 9.
2. Moore, *Stupid White Man* 2001, 2002: 14.
3. Hafezi P. Many Iranians, rich and poor, want real change // *The Washington Post*. -2008. -03/10.
4. Makarov V.V. *Otechestvo i patriotizm: logiko-metodologicheski analiz*. - Saratov 1988. s. 159.
5. Gubanov N.İ. *Otechestvo i patriotizm*. Moskva, 1960. s. 48.
6. Toporov V.N. *Pervobytnye predstavlenia o mire (obsji vzgläd)*// *Ocherki istorii estestvenonauchnyh znani drevnosti*. Moskva, 1982. s.25.
7. Mūrtaza Ş., Smaiıylov K. *Elım sağan aitam, el basy, sen de tyñda*. Almaty, 1998. 176 b.
8. Ahmetova. L. S. *Problemy patrioticheskogo vospitania kazahstansev v usloviah komandno-administrativnoi sistemy*. 1946-1991gg. (po materialam sredstv masovoi informasii). *Disertasia na soiskanie uchenoi stepeni doktora istoricheskikh nauk*. -Almaty 1998g. s. 46.
9. [Sait Federälnyi slujby gosudarstvennyi statistiki. URL:http://www.gks.ru/wps/wcm/connect/rosstat_main/rosstat/ru/statistics/population/demography, Gindin E.M. *Patrioticheskoe vospitanie podrostkov v İzraile. Formirovanie patriotizma u molodeji sredstvami sosiokül turnoideiatelnosti*. URL:<https://elibrary.ru/item.asp?id=27617379>, SzinSzünkai. *Sosiälnye osobenosti sovremennoi molodeji Kitaia: demograficheskie i semeinye izmenenia* // *Demograficheskie izmenenia i semeinaia politika v Rosii i Kitaie*. SPb., 2015. s. 120
10. Sapegin P. E. *Sušnöst i struktura patrioticheskogo soznania* // *Patrioticheskoe soznanie: süšnöst i formirovanie: sb. nauch. tr.* – Novosibirsk: Nauka, 1985. – s.12.
11. Sait Federälnyi slujby gosudarstvennyi statistiki. URL: http://www.gks.ru/wps/wcm/connect/rosstat_main/rosstat/ru/statistics/population/demography, Gindin E.M. *Patrioticheskoe vospitanie podrostkov v İzraile. Formirovanie patriotizma u molodeji sredstvami sosiokülturnoi deiatelnosti*.
12. Nazarbaev N.Ä. *Qazaqstannıñ bolaşağı – qoğamnyñ ideialyq birliginde* 1998. 30b.
13. Kotov A.K. *Suverennyi Kazahstan: grajdanin, nasia, narod*. - Almaty 1997g. str.287
14. Äuezov M. *Ğylym tılı*. // *Abai*. 1918. №7. 1b.